

## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ВОПРОСЫ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА

### НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ҚУРАМЫНДАҒЫ РУЛАР ЖӨНІНДЕ

**Б.Б.Кәрібаев**  
ҚР ҰҒА академигі,  
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті Қазақстан тарихы  
кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д.

Қазақстан тарихындағы шешілмеген, жауабынан сұрауы көп, күрмеуі мен түйінді мәселелері жетіп артылатын аспектілердің біріне – этникалық тарих мәселелері жатады. Ал этникалық тарихқа үңіле карасақ, ондағы қазақ этногенезі мәселесі, Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер мен оның кезеңдері, этникалық үдерістерге қатысушы этноэлементтер мен оның құрамы, этносоғасы, этномәдени, этнонимдер және тағы басқа осындай маңызды мәселелер ерекшеленіп, әрқайсысы өз шешімін күтіп, зерттеушілерге үміттенге қарап отырғандай әсер береді.

Қазақ этногенезін қарастыруда оның құрамына енген және оның қалыптасуында ерекше маңыздарға ие болған этнокомпоненттердің біріне – тайпалық бірлестік немесе тайпалық одақтар жатады. Сондай ірі этнокомпоненттердің бірі, қазақ халқының құрамына еніп, оның Орта жүз деп аталатын ірі әкімшілік бірлігіндегі алты тайпаның бірі - Найман тайпасы. Найман тайпасының ежелгі заманнан XV ғасырдың ортасына дейінгі, яғни Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі Евразия аумағындағы этносоғасы тарихы мен қазақ халқының құрамындағы тарихы бір тарихи желідегі ортақ мәселелер болып көрінгенімен, әрқайсы жеке қарастыруды қажет етеді. Найман тайпасының тарихи ерекшелігіне, оның XII-XIII ғасырларда қазақ халқының құрамына енген санаулы тайпалар сияқты жеке саяси құрылым, яғни жеке мемлекет қалыптастыра білуі жатса керек. Мақала авторы және онымен пікірлес авторлық ұжым 2003-2009 жылдар аралығында «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты ғылыми жобаны жүзеге асыру барысында үш томдық «Найман» атты кітапты жарыққа шығарды [1;2;3].

Қазақ халқын құраған ірі тайпалардың шежіресін ғылыми негізде жазу барысында міндетті түрде қарастырылар мәселелердің біріне – сол тайпаның рулық, аталық бөлімдерінің жіктелуімен бірге, тайпа ұраны мен таңбасына қатысты мәселелер жатады. Ұрандар мен таңбалар арқылы ру немесе тайпаның ерте ортағасырларда қандай тайпалық одақта болғандығын, қандай тайпалармен жақын болғандығын немесе қай тайпалық одақтан бөлініп шыққандығын анықтауға болады. Есімі ұранға айналған тұлға арқылы сол тайпаның белгілі бір оқиғаларға қатысуын, ірі-ірі, шешуші оқиғаларда қандай роль атқарғандығын білуге болады. Осы айтылған ойларымыздың Найман тайпасына да тікелей қатысы бар.

Біз Найман тайпасының құрамындағы рулар мәселесін қарастыру барысында бұған дейін қарастырып өткен мәселелерден саналы түрде бас тартамыз. Оларға – Найман тайпасының ортақ ұраны мен таңбасы, оның құрамындағы рулардың таңбасы мен ұрандары, шежіресі мен тайпалық бөлімдер мен рулық бөлімдердің жіктелуі, аталықтар мен бөлімшелерге тармақталуы, орналасуы, этносоғасы тарихы, Найман тайпасынан шығып, бүкіл алты алашқа танымал болған жеке тұлғалар сияқты мәселелер жатады. Бұлардың бәрі арнайы түрде жеке қарастыруға тұратын мәселелер болып табылады.

Енді тікелей мәселені шешуге кіріселік.

Бұл сауалға жауап беру бір жағынан өте жеңіл, ал екінші жағынан өте ауыр, қиын. Жеңіл деп айтуымызға себеп болып отырған жағдайға – ел арасында кең тараған, жиі айтылатын «Тоғыз таңбалы Найман» атты сөз тіркесі - Найманның өз ішінде тоғыз рудан тұратындығын көрсетсе керек. Осыны негіз етіп Найман тоғыз рудан тұрады деп тұжырым жасауға болар еді. Ал қиын, ауыр деуімізге себеп болып отырған нәрсеге – сол рулардың өзін анықтау жатады. Өйткені, XVIII ғасырдың 40-шы жылдарында қағаз бетіне түсірілген Найман руларының саны жөніндегі дерек мәліметінен бастап қазіргі күнге дейін әр-әр жерде баспалардан шығып жатқан шежірелерде Найман руларының саны әртүрлі айтылады. Ойымыз дәлелді болуы үшін бірнеше деректен мысал келтірейік. Мысалы, М.Тевкелевтің материалында Найманның – 11 рудан [4, 407-408], Н.Н.Балқашин еңбегінде – 19 рудан [5, 29], Н.А. Аристов зерттеуінде – 13[6,119], М.Тынышпаевта – 10[7,75] ру атаулары айтылса, қазіргі шежірешілер «тоғыз таңбалы Найман» тіркесін негізге алып, тоғыз рудың атауларын келтіреді. Олардың көрсетулеріндегі Найманның тоғыз руы бір-біріне сәйкес келмейді. Мысалы, шежіреші Т.Смағұлов Найманның тоғыз руына 1. Белгібай, 2. Келбұға, 3. Кетбұға, 4. Сүгірші, 5. Саржомарт, 6. Сүйінші, 7. Ергенекті, 8. Балталы, 9. Бағаналы атты тоғыз ұлдан тараған тоғыз руды жатқызады[8, 17-18]. Ал шежіреші Тельман Жамантиков құрастырған шежіре бойынша тоғыз руға: Келбұғы, Кетбұғы, Төлегетай, Қуаныш, Бағаналы, Балталы, Сарымырза, Бура және Көкжал рулары енеді[9,72]. Осы жинақтағы келесі бір деректе «...Сүгірші, Бағаналы, Балталы, Ергенекті, Саржомарт, Көкжарлы, Бура, Келбұға, Кетбұға (теріс таңбалы) болып тоғыз таңбалы Найман атаңады», - делінеді[9,11].

Қ.Жұмбаевтың «Найман шежіресінде» тоғыз руға Балталы, Бағаналы, Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл, Саржомарт, Көкжарлы, Бура жатқызылса[10,12-13], Бошай Кітапбаев Төлегетайдан тарайтын төрт руды және Кетбұға, Келбұға, Балталы, Бағаналы, Ергенекті руларын Найманның тоғыз руы деп атайды[11,21]. Осылайша, тоғыз руға байланысты қазіргі шежірешілердің мәліметтерін одан ары жалғастыра беруге болады. Бұдан біздің аңғарып отырғанымыз мынау – осы мәселеге қатысты қанша шежіреші болса, сонша нұсқа бар екен. Осыған байланысты біз бұл мәселе жөнінде мынадай тұжырымға келеміз. «Тоғыз таңбалы Найманға» енетін тоғыз рудың атаулары әлі күнге дейін анықталып, нақтыланбаған және шежірешілердің өздері бұл мәселе бойынша ортақ пікірге келе алмаған.

Сол себепті де біз, төменде қолымыздағы деректердің бәрине сүйеніп, олардың мәліметтерін талдай отыра, Найманның құрамындағы руларды анықтауға кірісеміз.

М.Тевкелев өз материалдарында Найман тайпасы он бір рудан тұрады деп айтса [4, 407-408], И.Г.Андреев – 9 [12.], А.И.Левшин – 9 [13.], В.В.Радлов – 10 [14.], Н.Н.Балкашин – 19 [15, 29], Н.А.Аристов – 13 [6, 119], Ш.Құдайбердіұлы – 10 [16.], М.Тынышпаев – 10 [7, 75], Н.Мыңжан – 9 [17.], Х.Арғынбаев, М.Мұқанов және В.Востровтар – 11 руды [18, 143-368], ал С.Аманжолов [18, 198] Найман тайпасының рулары туралы бірнеше нұсқаларды көрсетіп жазады. Түсінікті болуы үшін біз, осы аталған авторлардың еңбектері бойынша Найман тайпасының қанша руға бөлінетіндігі жөніндегі материалдарды салыстыру үшін кесте түрінде беріп көрелік.

#### Найман руларының саны

№	М.Тевкелев материалдары бойынша – 11 ру	И.Г.Андреев – 9 ру	А.И. Левшин – 9 ру	В.В. Радлов – 10 ру
1.	Ақ Найман	Көкжарлы	Ақбура	Ергенекті
2.	Бура Найман	Ақ Найман	Болатшы	Болатшы
3.	Болатшы Найман	Матай	Қаракерей	Терістанбалы
4.	Қаракерей	Садыр	Терістамғалы	Төртауыл
5.	Терістамғалы	Қаракерей	Дөртуыл	Бағаналы
6.	Төртуыл	Терістамғалы	Көкжарлы	Садыр
7.	Көкжарлы	Дөртауыл	Ергенекті	Кенже
8.	Ергенекті	Болатшы	Семізбағаналы	Қаптағай
9.	Семіз Найман	Буранайман	Садыр	Исенқұл
10.	Бағаналы			Ақбура
11.	Садыр			

№	Н.Н. Балкашин -19	Н.А. Аристов -12	Ш.Құдайбердіұлы –10	М.Тынышпаев - 10
1.	Ергенекті	Буранайман	Қаракерей	Кетбұқа (Терістанбалы)
2.	Саржомарт	Семізнайман	Матай	Саржомарт (Ергенекті)
3.	Көкжарлы	Ақ найман	Садыр	Балталы
4.	Бура	Сарыжомарт	Төртуыл	Бағаналы
5.	Бағаналы	Көкжарлы	Балталы	Көкжарлы
6.	Балталы	Бағаналы	Бағаналы	Бура
7.	Бестанбалы	Қызай	Бура	Қаратай
8.	Терістанбалы	Қожамбет	Көкжарлы	Қаракерей
9.	Төртуыл	Мұрын	Саржомарт	Матай

10.	Қаракерей	Сыбан	Терістанбалы	Садыр
11.	Садыр	Садыр		
12.	Матай	Матай		
13.	Мұрын	Терістанбалы		
14.	Сыбан			
15.	Семізнайман			
16.	Ақ найман			
17.	Қызай			
18.	Байжігіт			
19.	Қожамбет			

№	С.Аманжолов матер-ы бойынша - 9 I-нұсқа	С.Аманжолов матер-ы бойынша II-нұсқа - 8	С.Аманжолов матер-ы бойынша III-нұсқа - 8
1.	Бағаналы	Бағаналы	Бағаналы
2.	Балталы	Балталы	Балталы
3.	Саржомарт	Келбұға	Көкжарлы
4.	Садыр	Кетбұға (Терістанбалы)	Ергенекті
5.	Матай	Қаракерей	Қаракерей
6.	Қаракерей	Матай	Садыр
7.	Бура	Садыр	Матай
8.	Ергенекті	Төртуыл	Төртуыл
9.	Терістанбалы		
10.			

№	Н.Мыңжан - 9	Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров - 11
1.	Бағаналы	Бағаналы
2.	Матай	Балталы
3.	Садыр	Көкжарлы - Саржомарт
4.	Ергенекті	Қаратай - Ергенекті
5.	Балталы	Бура
6.	Қаракерей	Қаракерей
7.	Төртуыл	Төртуыл
8.	Терістанбалы	Матай
9.	Шыршыт	Кенже
		Садыр
		Елата (Терістанбалы)

Енді осы берілген кестедегі руларға талдау жасайық. М.Тевкелев материалдарында көрсетілген он бір рудың үшеуі – Ақ Найман, Болатшы Найман, Семіз Найман рулары – Қаракерей, Садыр, Матай.

Төртуыл руларымен ру-тайпалық құрылымдағы бір деңгейдегі рулар емес. Олар – Қаракерейдің ішіндегі рулық бөлімдер. М.Тынышпаевтың шежіре-кестесіне сүйенсек, Қаракерейдің Ерторысынан – Байсық және Ақнайман таралады. Байсықтың ұрпақтары – «Бес семіз» немесе «Семіз Найман» деп аталады екен. Ал Болатшы – Қаракерейдің Байторысының Мейрамының Байысынан тарайды[7,71].

М.Тынышпаевтың шежіре-кестесінен сәл өзгешелеу болса да, Ақ, Семіз және Болатшы наймандардың шығу-тегін Қаракерейден таралатындығын Ж.Бейсенбайұлы құрастырған кесте де дәлелдейді[19,125]. Бұдан шығатын қорытынды біреу ғана, ол – М.Тевкелев дерегіндегі Найманның Ақ, Семіз, Болатшы деп аталатын рулары жеке, дербес рулар емес, Қаракерейдің құрылымындағы рулық бөлімдер ғана.

Жоғарыда берілген кестедегі он автордың мәліметтерін талдай келе біз, Ақ Найман, Болатшы Найман және Семіз Найман секілді Кенже, Қаптағай, Исенқұл, Мұрын, Сыбан, Қызай, Байжігіт, Қожамбет руларының ру-тайпалық жүйеде Найман тайпасын құрайтын жеке ру емес, Найманның құрамындағы Қаракерей, Матай, Садыр, Терістаңбалы рулары ішіндегі рулық бөлімдер мен ру аталары екендігіне көзімізді жеткіздік[19,125-126]. Ал қалған руларға мыналар жатады: Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл, Бура, Көкжарлы, Саржомарт, Қаратай, Балталы, Бағаналы, Терістаңбалы. М.Тынышпаевтың және тағы басқалардың шежірелерінде Ергенекті, Саржомарт, Бура, Қаратай және Көкжарлы рулары жөнінде өте көп деректік материалдар айтылады. Олардағы материалдарды салыстыра қарасақ, аталған бес рудың шығуы қарама-қайшылықты. Олардың бәрін бұл жерде талдап жатуды артық деп санаймыз. Сол деректердің бірекеуіне ғана назар аударсақ.

М.Тынышпаев Саржомартты таңбасына қарай Ергенекті Найман деп атайды да, одан Балталыны, Бағаналыны, Бураны, Қаратайды таратады[7, 71]. Ж.Бейсенбайұлының шежіре-кестесінде Ергенекті мен Саржомарт – бір адам деп айтылады[19,125]. Ал шежіреші Б.Кітапбаев болса Саржомарт, Бура, Көкжарлыны Ергенектінің үш ұлы деп көрсетеді де, Көкжарлының жеті ұлының бірі ретінде Қаратайды атайды[11,29]. Қ.Жұпбаев осы жөнінде былайша жырлайды:

«... Көнеден ата салты бізге жеткен,  
Алтай мен Ұлан жақты еткен мекен.  
Көкжарлы, Саржомарт пен Бура үшеуін  
Ұрпағы Ергенекті атап кеткен»[10,23].

Деректердің бірі – Саржомартты Ергенекті деп атаса, екінші бір деректер – Саржомарт, Көкжарлы және Бура үшеуін қосып, жалпы атаумен Ергенекті деп атайды. Тағы бір дерек мәліметінде жоғарыдағы мәлімет қайталанатын да, Қаратай – Көкжарлының көп ұлының бірі делінеді. Осы деректердің негізінде шындық бар. Сөйтіп, Саржомарт, Көкжарлы, Бура, Қаратай рулары шығу тегіне қарамастан уақыт өте келе сан жағына қарай жеке ру болып қалыптасатын да, әкімшілік жағынан жалпы Ергенекті найман деген атауға ие болады.

Найман рулары шежіресінің тағы бір нұсқаларында Найманның Белгібайынан Сүгірші, одан Ұлан атты ұл туып, батыр болады. Ұлан батырдың қалайша Ергенекті аталғанын, одан Саржомарт, Көкжарлы, Бураның қалай таралатындығын «Шежіре» дастанының жолдарынан іздеп көрелік. Онда былай деп айтылады:

Аз ғана Сүгіршіге оралайық,  
Замана аққан судай болар гайып.  
Үй болып, бұл да ер жетіп, бала сүйген  
Ұлан батыр-атына заты лайық.  
Ер Ұлан шабындыда тез ержетті,  
Алтайда Бие дейтін жерге кетті.  
Жау шауып, түн ішінде, қапылыста,  
Мойнына іле кеткен ергеншекті.  
Бермеген Ұлан батыр қолдан кекті,  
Аталған әлгі жайдан Ергенекті.  
Аңыз аталардың мирас болып,  
Ғасырлар қойнауынан бізге жетті.  
Ұланнан туған екен екі ұл бала,  
Мекені Сарыарқада, сайын дала.  
Қарабек Толымбекпен тете өскен,  
Атаның ісін басқан енді ғана.  
Ер жеткен бұл балалар, уақыт өткен,  
Үйленген, отау шыққан, мезгіл жеткен.  
Туыпты Қарабектен Бақы, Тақы,  
Туыпты Сарымырза Толымбектен.  
Бақының қойған аты – Бақанас-ты,  
Тақының қойған аты – Тоғанас-ты.  
Найманды аталады екі егіз ел,  
Көкжарлы Бураменен бауырласты.  
Тараған Бақанастан Бура елі,  
Көкжарлы Тоғанастың ұрпағы еді.  
Тараған Сарымырзадан ел – Саржомарт,  
Мекені Марқакол мен Күршім жері.  
Көшейін енді мына әңгімеге,  
Үшеудің өзгеріпті ата тегі.  
Ол кезде жаугершілік заман екен,  
Жау шауып, ел шулаған жасын төге.  
Сондай бір шабындыда ес шығарған,  
Жоғалып Бақы, Тақы кете барған.  
Арада жыл өткенде іздеп жүріп,  
Ағасы Сарымырза тауып алған[10,22-23].

Одан ары жырда Бақанастың қалайша – Бура, Тоғанастың – Көкжарлы атанғандығы баяндалады.

Жоғарыда айтылған деректер мен дәлелдеулерді түйіндей келе біз, Ергенекті атауы жөнінде былай дейміз. Біріншіден, қалың қазақ ішінде Орта жүз бен Найман арасында Саржомарт, Бура, Көкжарлы руларын ортақ атаумен – Ергенекті Найман деп атаған. Екіншіден, осы аталған рулар өз арасында Ергенекті деп Саржомартты атаған секілді. Саржомарт үлкен болғандықтан, кейбір деректер, мысалы М.Тынышпаев Көкжарлы мен Бураны Саржомарттан таратқан. Оған да бір шежірелік деректер негіз болған шығар. Біз мұны қате деп есептеп, Саржомарт, Бура, Көкжарлы бір деңгейдегі рулар дейміз. Сөйтін біз, Ергенектіні – Саржомарт, Көкжарлы, Бура және Қаратай руларының бірлестігі деп санаймыз.

Осындай қазақ халқының рулық-тайпалық құрылымындағы ерекшеліктерді ескермеген немесе білмеген М.Тевкелев, И.Г.Андреев, Н.Н.Балкашин секілді авторлар Найман руларының қатарына жеке рулар мен олардың жалпы атауын қатар беріп отырған. Ал В.В.Радлов, Н.А.Аристов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышпаев, Х.Аргынбаев, М.Мұқанов, В.Востров, Н.Мынжан секілді тарихшылар Ергенекті найман мен Саржомарт, Көкжарлы, Бура, Қаратай рулары арасындағы ерекшеліктерді аңғарып, өздерінің Найман рулары жөніндегі материалдарында оны ескеріп отырған. Мысалы, В.В.Радловтың мәліметінде Ергенекті атауы аталынса, Саржомарт, Көкжарлы, Бура рулары аталынбайды. Керісінше, Ш.Құдайбердіұлы осы үш руды Найман рулары деп көрсетіп, Ергенекті атауын көрсетпейді. Ал М.Тынышпаев болса, өзі құрастырған кестесінде Саржомарт, Көкжарлы, Бура және Қаратай руларының әрқайсысын жеке – жеке жазып, Саржомартты Ергенекті деп көрсетеді де, оны жақшаның ішінде жазалды.

Осы жерде арнайы түрде Қаратай руы туралы қысқаша айта кетсек. Жоғарыда берілген кестелерде М.Тынышпаев пен Х.Аргынбаев, М.Мұқанов және В.Востров кестелерінде ғана Қаратай атты ру атауы кездеседі. Ш.Құдайбердіұлының материалдарында «Қаратай – Саржомарттың бәйбішесінен туылған», - делінеді[15, 37-38]. Сонымен бірге осы деректе Бура, Көкжарлы, Балталы мен Бағаналы Саржомарттың басқа әйелдерінен туылған ұлдары екендігі айтылады. Алдыңғы бір беттердегі келтірген көп деректің бірінде Қаратайдың – Көкжарлының ұлы, ал, Көкжарлы, Бура, Саржомарттың Ергенектіден тарайтындығын айтқанбыз. Неге көп деректерде басқаларға карағанда Қаратай руының атауы сирек айтылады деген сұрақ туындайды. Біз оның себебін ру санының сол тұстарда өте аз болуынан деп түсіндіреміз.

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, Найман тайпасының құрамына енетін руларды анықтау барысында ортақ атаумен Ергенекті деп аталатын тайпалық бірлестіктің бар екенін, оның құрамына Саржомарт, Көкжарлы, Бура және Қаратай рулары енетіндігін білдік. Сондай-ақ бұл бірлестіктегі үлкендік жолы Саржомартқа тиесілі екенін аңғардық.

Найман рулары ішінде ешқандай дау тудырмайтын, басы ашық мәселе, ол – «Төрт Төлегетай» немесе «Төлегетайдың төрт ұлы» деп аталатын рулар бірлестігі. Бұл бірлестікке – Қаракерей, Матай, Садыр және Төртуыл руларының енетініне ешкім де дау туғызбайды. М.Тевкелевтің мәліметінде неге екені

белгісіз, Қаракерей, Төртуыл, Садыр руларының атауы аталады да, Матай атауы кездеспейді. Кейін осы дерекке сүйенген А.И.Левшин де Матай руын Найман руларының арасынан қалдырып кетеді.

И.Г.Андреевтен бастап Найман руларының ішінде Төлегетайдың төрт руы толығымен атала бастайды. Н.Н.Балкашин, Ш.Құдайбердіұлы, Н.Мынжанұлы өз материалдарында бұл төрт руды Найман ішіндегі негізгі рулардың бірі деп көрсетсе, М.Тынышпаев материалдарында Төртуыл руы неге екені белгісіз аталмай қалған. Сонымен, Ергенектіге жататын үш рудан кейін, Найман рулары арасында белгілісі – Қаракерей, Матай, Садыр және Төртуыл рулары. Біз бұл руларды Найманның басты, негізгі руларының қатарына жатқызамыз.

Найман руларының ішінде деректерде жиі кездесетін, көп айтылатын руларға Балталы, Бағаналы рулары жатады. Бағаналы руы 1748 жылғы М.Тевкелев мәліметінде, В.В.Радлов материалында, Н.А.Аристов еңбегінде, сондай-ақ Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышпаев, С.Аманжолов, Н.Мынжан еңбектерінде Найман руларының басты руы ретінде айтылып отырғанда, Балталы руының деректерде кездесуі сиректеу. Н.Н.Балкашиннен бастап қана Балталы руының атауы Балгалы руымен бірге Найман рулары қатарында айтыла бастайды.

Бұл рулардың Найманның қай тармағынан таралатындығын көрсететін бірнеше деректер бар. Олардағы мәліметтер бір-біріне қайшылы келеді. Оқырмандарға түсінікті болуы үшін біз сол мәліметтердің бірнешеуін жинақтап осы жерде бере кетуді жөн көріп отырмыз. Ал өзіміз нақты мына дерек мәліметі дұрыс деп айтудан аулақпыз.

Ш.Құдайбердіұлының мәліметі бойынша «Орта жүздегі Найман атасы – Софы мырза, оның Өкіреш, оның үш баласы: Домбауыл, Сүгірше, Саржомарт. Домбауыл тұқымы жылқысына теріс жағынан таңба басып терістанбалы атанды. М.Тынышпаевтың шежіре-кестесінде де Бағаналы мен Балталы рулары Саржомарттан (Ергенекті Найман) тарқатылады[7,71].

Ал Б.Кітапбаевтың материалдарында Найманнан Белгібай, одан Төлегетай, Сүгірші және Шүйінші. Сүгіршіден – Бағаналы, Балталы, Ергенекті туылған[11,21].

Бұл келтірілген дерек мәліметтерінің негізгі түбі біз қарастырып отырған екі руды Ергенектіден шығарады. Дерек мәліметтерінің екінші бір тобы – Балталы мен Бағаналының шығу тегін басқаша көрсетеді. Оларда Балталы мен Бағаналы – Келбұға мен Кетбұғадан шығарылады. Бұл соңғы екеуінің әкесі Төлеген де, ол Елатанның Серікбайынан өсіп-өнеді. Бұл нұсқа шежіреші-ақын Қ.Жұмбаевтың мәліметінде айтылса, Т.Смағұловтың материалдарында: Белгібайдан: Келбұға, Кетбұға, Сүгірші, Саржомарт, Сүйінші, Ергенекті; Елатаннан: Балталы, Бағаналы туылған деп баяндалады[10,23].

Ал келесі бір шежірелік материалдар Балталы мен Бағаналыны Төлегетайдың екінші әйелінен туылған деп көрсетеді[20, 603]. Белгілі шежіретанушы А.Сейдімбеков өзінің «Балталы, Бағаналы ел аман бол» атты еңбегінде осы мәселе жөнінде былайша ой өрбітеді: «Далалық ауызша тарихнама» дерегін салғастыра карағанда Алтай, Тарбағатай өңірі мен Ұлытау

төңірегінде айтылатын шежірелерде айырмашылық кездесіп қалады. Мәселен шығыс өңір шежірелерінде Бағаналыны Сүгірші ұрпақтарынан таратады. Сүгірші – Төлеген – Ұлан батыр – Қарабек – Сарыжомарт – Бағаналы болып тарайды. Ал, Балталыны Елатадан таратады: Елата (Елтай) – Серікбай – Кетбұға – Балталы. Сонда, Балталы мен Бағаналы бөлек-бөлек екі атадан тарағанымен, қоныстас болып, жұбын жазбаған дейді.

Ал, Ұлытау төңірегіне тараған шежірелерде біраз айырмашылық бар. Біз бұл еңбегімізде негізінен Ұлытау маңының шежіресіне құлақ асып, Ұлытау төңірегіне кең тараған шежірелерге тоқталуды жөн көрдік. Себебі, ілгерідегі қариялардан қалған сөзді түзетіп, бүгінгі ұрпақтарына басқаша жеткізуге дегіміз шыдамады, аруақты сыйладық. Ұлытау төңірегінің біраз шежіресі бойынша Орта жүз Ұлытау төңірегінің біраз шежіресі бойынша Орта жүз Жанарыстың төртінші баласы Семізбұға еді дейді. Семізбұғадан Жұртбай туады. Жұртбайдан Сары, Сарыдан Шал, Шалдан Қаптағай туады. Қаптағайдан Найман, Наймантай, Найманбай туады. Мұнан әрі Найман, оның жаугершілікте өлген төрт ұлы, сол төрт ұлдың бірі Ақсақалдан (Токбан деп те айтады) жесір қалған Әлпеш. Сонан Найман атасына Әлпештің Гүлшені алып беруі, одан Белгібайдың (Өкіреш) туы, кейін Белгібай есейген соң әменгері ретінде Әлпешке үйленуі сияқты әңгімеге ұласады. Сөйтіп, Найманнан Ақсақал, Үйелші, Күйелші, Токбан, Белгібай туған. Бұлардың алғашқы төртеуінен ұрпақ жоқ. Ал, Белгібайдан Сүйінші, Сүгірші, Өтеген туады. Қытайдың бәйбішесінен Қаракерей, Матай, Төртуыл, Садыр, тоқалынан Кетбұға, Келбұға туады. Қытайдың бәйбішесі ертерек қайтыс болып, одан туған Қаракерей, Матай, Төртуыл, Садыр деген балалары атасы Төлегетайдың бауырында өседі. Сондықтан бұлар «Төрт Төлегетай» атанып кеткен. Төрт Төлегетайдың ұрпақтары қазір Семей, Жетісу өңірінде. Ал, Келбұға мен Кетбұға – біріншіден – тоқалдан туғандықтан, екіншіден – бәйбіше балаларынан бөлек шаңырақта өскендіктен, кейін еншілері де бөлек болып, Төрт Төлегетай ұрпақтары шығыс пен оңтүстіктен қоныс іздеп көшкенде оларға ілеспей Аркада қалып қойған. Сөйтіп, Келбұға мен Кетбұға ұрпақтары Ұлытау мен Шу өзенінің арасын ертеден қоныс етіп келеді»[21, 92-93]. Одан әрі автор Келбұғадан – Бағаналыны, Кетбұғадан – Балталыны таратады[21,95-97].

Көріп отырғанымыздай, біз Балталы, Бағаналы руларының Найманның нақты қай баласынан таралған деген сауалға анық жауап бермей, жоғарыда келтірген дерек мәліметтерін түйіндей келе, бірнеше нұсқаны айтып өтеміз.

Бірінші нұсқа бойынша Балталы мен Бағаналы – Саржомарттан таралады да, шығу тегі былайша көрініс береді: Найман - Өкіреш – Саржомарт – Балталы, Бағаналы.

Екінші нұсқа бойынша: Найман – Белгібай – Сүгірші – Бағаналы, Балталы. Үшінші нұсқа бойынша: Найман – Елата – Серікбай – Төлеген – Келбұға, Кетбұға. Бұлардан Балталы мен Бағаналы шығады.

Төртінші нұсқа бойынша: Найман – Елата – Балталы, Бағаналы болып келеді.

Бесінші нұсқа бойынша: Найман – Белгібай – Сүйінші – Төлеген – Қытай – Кетбұға, Келбұға болып келеді де, Келбұғадан – Бағаналы, Кетбұғадан – Балталы шығады.

Осылайша, біз Балталы, Бағаналы рулары Найманның қай ұлынан тараған деген сауалға жоғарыдағы бес нұсқаны келтіреміз. Оқырмандарға қай нұсқаны таңдасаңыздар да өз еріктеріңізде демекпіз. Қалай десек те бұл екі ру – Найман рулары ішінде деректерде жиі айтылатын, жиі кездесетін негізгі рулар қатарына жатады.

Бұл екі рудың атаулары олардың рулық таңбасына байланысты пайда болғандығын ешкім жоққа шығармайды.


Жоғарыдағы Найман рулары жөніндегі кестеде жиі айтылатын, барлық авторлардың мәліметтерінде Найман руларының бірі ретінде кездесіп отыратын ру, ол – Терістаңбалы руы.

Терістаңбалы руының атауы – оның таңбасына қарай пайда болғандығы көрініп тұр. Шежірелерде бұл руды Найманның нұсқа ағасы деп атайды. Ол жөнінде ел арасында айтылатын тарихи аңыз-әңгімелер өте көп.

Жоғарыдағы кестелерде Найман рулары катарында Келбұға, Кетбұға және Шыршыт руларының атаулары айтылып қалады. Бұл айтылған атаулар жеке рулар ма, рулық бөлімдер ме, әлде рудың басында тұрған тұлғалар ма? Осы мәселенің басын ашып алсақ, біз Найман тайпасында нақты қанша ру болғандығына толық көзімізді жеткіземіз.

Алдыменен, Шыршыт атауына тоқталып өтсек. Бұл атау Найманның тоғыз руының бірі ретінде Н.Мыңжанның материалдарында кездеседі. Ал XVIII-XX ғасыр басындағы авторлардың еңбектерінде бұл ру жөнінде ешқандай дерек жоқ. С.Аманжоловтың материалдары мен Б.Кітапбаевтың шежіресіндегі мәліметтерге сүйенсек, Шыршыт Найманның бір тармағы Келбұғадан таралады[18, 26]. Бірінші авторда ру атауы – Шүршейіт деп берілсе, соңғысында – Шірсейіт делінген. Біздің ойымызша, дұрысы – Сырсейіт секілді. Ойткені С.Аманжолов материалында Келбұғаның басқа ұлдарының есімдері - Әлсейіт, Жансейіт, Нүрсейіт деп келеді. Сол секілді төртінші ұл есімі де ағаларының есіміне ұқсас болған. Ал оның Шүрсейіт делінуі тілдік ерекшелікке, не болмаса төте жазудан қазіргі қазақ жазуына аударуға байланысты болған деп есептейміз.

Қазақ шежірелерінде Сырсейіт (Шірсейіт, Шыршыт) Келбұғадан, ол Елатадан, ал Елата Найманнан тарқатылып көрсетіледі. Кетбұға да Келбұға секілді Елатадан тарайтын екі ұлдың бірі. Келбұғадан Терістаңбалы шығады[11,26]. Мұны кесте түрінде берсек, ол былайша көрініс береді:



«С.Аманжолов және казак фольклоры» атты еңбекті құрастырушы А.С.Аманжолов еңбекте «Шүршейіт – Аманжол шежіресін» келтіріп, онда Кетбұға мен Келбұғалардың Найманнан бері қарай таралуын басқаша көрсетеді. Ол бойынша Найманнан Белгібай (Өкіреш), одан Сүгірше, ал Сүгіршеден Кетбұға мен Келбұға таралып шығады [18,198].

И.Тынышпаевтың шежіре-кестесінде, жоғарыда келтірілген шежірешілер мәліметтерінде және тағы басқа шежірелерде Келбұға мен Кетбұғаның ортақ атауы Терістанбалы немесе Кетбұғаның атауы Терістанбалы делінеді. Соған қарағанда бұл екі атау шежіреде айтылса да, ру-тайпалық құрылымда Терістанбалы деп аталып, қалың казакқа осы атаумен белгілі болған секілді. Келбұғадан алдыңғы беттерде айтып өткеніміздей, Әлсейіт, Жансейіт, Нүрсейіт және Сырсейіт (Шүршейіт) атты төрт бала туылады да, алғашқы екі ұлдың ұрпақтары Сыр бойында өсіп-өнеді. Ал Нүрсейіттің ұрпақтары көп өспегендіктен, Кетбұға ұрпақтарымен бірігіп, Терістанбалы аталып қала берген. Ал Сырсейіт (Шүршейіт) немесе Шыршыт сан жағынан біршама өскендіктен, жеке рулық бірлікті құрай алған. Марқұм профессор, филология ғылымдарының докторы А.Аманжоловпен осы мәселе жөнінде пікір алмасқанымызда, ол кісі өзінің осы рудың тумасы екенін айта келе, Шыршыт руы Найман тайпасының жеке руы деп түсіндіріп еді.

Осылайша, біз Найман ішіндегі руларды анықтадық. Олардың саны - 12 және олар мыналар: 1.Терістанбалы, 2. Шыршыт, 3. Саржомарт, 4. Көкжарлы, 5. Бура, 6.Қаратай, 7. Қаракерей, 8. Матай, 9. Садыр, 10. Төртуыл, 11. Балталы, және 12. Бағаналы рулары.

Осы жерде казак ру-тайпаларының ішкі құрылымы және олардың саны жөніндегі мәселеге тоқталсақ. Көне қытай жазба деректері бойынша ежелгі ғұндардың 24 тайпадан тұратындығы белгілі. Сол сияқты ерте ортағасырлардағы оғыздардың да 24 тайпадан құралғандығы және олардың «үш оқ» және «боз оқ» атты екі қанаттан тұратындығы туралы баяндалады. Сондай-ақ әр қанаттың он екі тайпадан тұратындығы айтылады. Мұндай этноәкімшілік жіктелу дәстүрі казак қоғамында да сақталады. Оны қазіргі кездердегі казак шежіресінен айқын көруге болады.

Бұл жерде Ұлы Дала аумағындағы тайпаларда ежелгі заманда да, ортағасырларда да рулар саны неге 12 болған деген заңды сұрақ туады. Біз оған былайша жауап беруге тырысамыз. Бір жыл 12 айдан тұрады, адам мен малда 12 мүше бар. 10 не 11 ай дегеніміз толық емес бір жыл, 13 не 14 ай немесе бір жылдан астам уақыт. Ал тірі денелердегі мүшелер саны 12-ге жетпесе, онда ол кеміс дене болып саналады. Сондықтанда 12 саны бұл жерде толық тұтастықты көрсетіп тұр. Сол сияқты тайпада 12 рудың болуы оны толыққанды, тұтас рулық бірлік етіп тұр. Казак шежіресінде 12 санына байланысты ру-тайпалық сандық бірліктер өте көп кездеседі. Мысалы Ұлы Жүзде -12 тайпа бар, ал Орта Жүздегі тайпалық бірлестіктер саны – 12-нің жартысынан тұрады. Кіші Жүздегі Байұлы тайпалық бірлестігінде – 12 тайпа болса, Әлімұлы немесе Қаракесек тайпалық бірлестігі де 12-нің жартысынан тұрады. Сондай-ақ әр тайпа өз ішінде тағы да 12

рудан құралғандығын байқаймыз. Найман тайпасының да 12 рудан құралуын осы бір заңдылықтың нәтижесі деп білеміз.

Қазак халқын құраған тайпалардың барлығы 12 рудан құралады да, олар өз ішінде ежелгі ғұндар, оғыздар секілді қос қанатқа бөліну дәстүрін сақтаған. Бірақ та барлық тайпаларда алты-алтыдан тең бөліну дәстүрі сақталмаған. Мысалы, Жалайыр тайпасындағы Сырманақ және Шуманақ деп аталатын қанаттардағы рулар саны алтаудан. Ал кейбір тайпаларда олар бірдей емес. Арғында – «Бес Мейрам, жеті Момын» деген сөз тіркесі Мейрам тобының -5, Момын тобының -7 рудан тұратындығын білдіреді. Албан тайпасының құрамындағы руларды – «сегіз Сары, төрт Шыбыл» деп, Керей тайпасын - Ашамайлы, Абак, Қаңлыларды - Сары қаңлы, Қара қаңлы, Қоныраттарды – Қөктіңұлы, Көтенші, Тамалар- Әліп, Жөггі деп екіге бөліп атайды. Осылайша, барлық казак тайпалары қос қанатқа жіктеледі. Найман тайпасы да өз ішінде - Елата (Елтай) және Белгібай атты қос қанатқа жіктеледі.

Найман тайпасындағы Елата (Елтай) және Белгібай қанаттарына қандай рулардың енетіндігі жөнінде мәселені қарастыру барысында біз, тек қана осыған қатысты аңыз- шежірелердің оннан астамын кездестірдік. Сондықтанда біз оны болашақ зерттеулердің қатарына қоямыз.

Осылайша, біз осы мақаладағы алдымызға қойған міндеттерді шеше келе, Найман тайпасы - ежелгі және ортағасырлардағы Ұлы Даланың тайпалары секілді, сондай-ақ барлық казак тайпалары секілді толыққанды этнобірлікті сақтаған және өз ішінде қос қанатқа бөліну арқылы он екі рудан құралған ірі тайпа деп есептейміз.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1.Қазак ру-тайпаларының тарихы. X том. Найман. 1-кітап. Алматы, 2008. 457 бет. (Авторлар ұжымы)
- 2.Қазак ру-тайпаларының тарихы. X том. Найман. 2-кітап. Алматы, 2008. 436 бет. (Авторлар ұжымы)
- 3.Қазак ру-тайпаларының тарихы. Қазак ру-тайпаларының тарихы. X том. Найман. 3-кітап. Алматы, 2008. 430 бет. (Авторлар ұжымы)
- 4.Казახско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1961.
- 5.Балкашин Н.Н. О киргизах и вообще о подвластных России мусульманах. – СПб., 1887.
- 6.Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897.
- 7.Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925. -75 бет.
- 8.Смағұлов Т. Найман Мәмбетқұл және Ырғызбай әулие әулеттері. 3-басылым. – Семей, 2004.
- 9.Жамантқиков Т. Найман Тоқабай шежіресі. – Алматы, 2005.
- 10.Жұпбаев Қ. Найман шежіресі. – Талдықорған, 2006.
- 11.Кітапбаев Б. Шежіре. Тоғыз таңбалы Найман. 1 бөлім. – Алматы, 1994.
- 12.Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Составление, транскрипция скорописи XVIII в., специальное редактирование текста и комментарии И.В. Ерофеевой. – Алматы, 1998.
- 13.Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы, 1996.
- 14.Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. Перевод с немецкого К.Д. Цивинной и Б.Е. Чистовой. – М., 1989.
- 15.Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-казак һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991.
- 16.Мынжан Н. Казактың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994.

17. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында (Құрастырған Ә.Пірманов). – Алматы, 2000.
18. С.Аманжолов және қазақ фольклоры. Зерттеулер, фольклор материалдары. Жауапты редакторы, әрі құрастырушысы филолог., ғылымд. докт., А.С.Аманжолов. – Алматы, 2004.
19. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы, 1994.
20. Шежіре. Орта жүз, Найман рулары. ҚР ҰҒА ОҒК ҚҚ. 603 б.
21. Тарақты Ақселеу (Сейдімбек). Балталы, Бағаналы ел аман бол (Шежіре). – Алматы, 1993.